

1-қосымша. Онлайн оқыту және консультациялық қолдау

Жетінші операциялық кезең шеңберінде грант ізденушілер мен ШГБ серіктестерінің әлеуетін арттыру жөніндегі компонент көзделген. Бұл компонент стратегиялық жоспарлау дағдыларын дамытуға, орнықты серіктестіктер орнатуға және әртүрлі деңгейлерде диалогты дамытуға бағытталған.

Әлеуетті арттыру жөніндегі іс-шаралар ықтимал ізденушілердің қатысуын болжайды және екі кезеңде өтетін болады.

1-ші кезең: Онлайн оқыту

Бұл кезеңде бүкіл мүдделі қатысушыларға барлық тақырыптық айдардағы ШГБ жұмысының қағидаттары туралы негізгі ақпарат беріледі.

1-ші кезеңнің іс-шаралары:

- 1) грантқа өтінімдерді толтыру бойынша онлайн тренинг (барлық тақырыптық айдар үшін);
- 2) әрбір тақырыптық айдарға (жаңартылатын энергетика технологиялары, энергия тиімділігі, ауыл шаруашылығындағы орнықты әдістер, серіктестікті дамыту, орнықтылық стратегиялары және әртүрлі қаржыландыру көздерін тарту ерекшеліктері, гендерлік теңдік) арналған техникалық аспектілер бойынша 7 онлайн тренинг.

2-ші кезең: Консультациялық қолдау

Екінші кезең ҮЕҰ мен олардың серіктестеріне ЖЭҚ ШГБ-ға қатысу үшін жобалық ұсыныстар әзірлеу кезінде сараптамалық қолдау көрсетуді көздейді.

2-ші кезеңнің іс-шаралары:

- 1) 7 онлайн консультациялық қолдау кездесулері (әр тақырыптық айдар үшін);
- 2) жобалық ұсыныстарды дайындау бойынша жобалық командаларды жеке қолдау және оларға консультация беру.

Әлеуетті арттыру жөніндегі іс-шараларға тіркелу және іс-шараларды өткізу кестесін алу үшін мына сілтеме

https://us02web.zoom.us/meeting/register/tZEtdemoqjkiG9w2_8aTFLFvAbVRqSossjBp#/registration

бойынша өту қажет.

Іс-шараға қатысушыларды техникалық қолдау zubr.ukg@gmail.com электрондық поштасы және 87775851461 телефон нөмірі (whatsapp) арқылы қолжетімді.